

**«№7 арнайы мектеп-интернаты» КММ**  
**2024-2025 оқу жылында атқарылған әлеуметтік-педагогикалық жұмыстарға**  
**сараптама**

2024-2025 оқу жылында әлеуметтік педагогтің жұмысы мектептің әлеуметтік осал топтағы оқушыларына әлеуметтік-педагогикалық қолдау көрсете отырып, әлеуметтік теңсіздіктің алдын алу, мектептің әлеуметтік әл-ауқатын арттыруға бағытталған.

Оқу жылының басында ҚР Оқу-ағарту министрінің 27.08.2022 №382 бұйрығына сәйкес әлеуметтік педагогтің жылдық жоспары құрылды. Жылдық жоспарға сәйкес әлеуметтік-педагогикалық жұмыс төмендегі алты бағыт бойынша ұйымдастырылды:




**I. Сыныптарға, мектепке әлеуметтік паспорттауды жүргізу туралы**

Сынып жетекшілердің әлеуметтік зерттеулеріне сәйкес сыныптың әлеуметтік паспорты жасалынды. Сыныптардың әлеуметтік паспорты негізінде мектептің әлеуметтік паспорты жасалынды. Төмендегі кестеде 2024-2025 оқу жылындағы мектептің әлеуметтік көрсеткіштеріне сараптама жасалынды:

№	Әлеуметтік санаттар	саны	%
1	Барлық оқушылар	132	100%
2	Отбасы түрі бойынша: Толық отбасылар	36	27,2%
3	Толық емес отбасылар	17	12,8%
4	Анасы жоқ балалар	4	3,3%
5	Әкесі жоқ балалар	9	6,8%
6	Көп балалы отбасы	45	34,9%
7	Аз қамтамасыз етілген отбасы	15	11,3%

8	Жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар	6	4,8
9	Мүгедек балалар, мүмкіндіктері шектеулі балалар	0	0
10	Азаматтығы жоқ білім алушылар	0	0
11	Басқа мемлекеттің азаматы болып табылатын білім алушылар	0	0
12	Кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі бөлімде есепте тұрғандар	0	0
13	Мектепшілік бақылау есебінде тұрғандар	0	0
	Ата-аналарының білімі:	201	100%
1	Жоғары, жоғары білімнен кейінгі	60	28,7%
2	Техникалық және кәсіптік	50	23,9%
3	Орта	91	45,2%



Білім алушылардың өзге де санаттарын анықтау:

- Өгей әкесімен тұратын ұл бала және қыз балалар – 4 (3,03%);
- Өгей анасымен тұратын ұл бала және қыз балалар – 0 ;

**II. Балалық шақтың құқығын қорғау жұмысы.** Оқу жылында балалық шақтың құқығын қорғау бойынша бірнеше бағытта жұмыстар жүргізілді. Мектептің әлеуметтік желілерінде және мектеп сайтында балалардың құқығын қорғау бойынша жаднамалар мен

материалдар жарияланды. Мектеп қабырғаларында сенім телефондары мен ақпараттық стендтер ұйымдастырылды.

Білім алушылар мен ата-аналарға бала құқығының бұзылуы фактілері және басқа да мәселелер бойынша әлеуметтік-педагогикалық кеңес берілді.

Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігі және облыстық білім басқармасының ұйымдастыруымен "Мектепке жол", «Жолашар» атты акциясын басшылыққа ала отырып, мектеп интернатта жаңа оқу жылы қарсаңында «Мектепке жол», «Жолашар» акциясы аясында қайырымдылық көмек көрсету іс-шарасы жүргізілді. Қайырымдылық акция барысында, мектебімізге үнемі көмек беріп, мектеп өміріне белсенді араласып, жанашарлық көзқараспен қарайтын демеушіміз ЖШС БК «КазГерМұнай» осы акция барысында 1 сыныпқа қабылданған 9 оқушыға оқу құралдарымен жабдықталған сөмкелер әкеліп табыстады. Акция аясында әлеуметтік мәртебеге ие отбасынан шыққан білім алушыларға материалдық қолдау көрсетілді.

### Әр түрлі санаттағы балаларға қайырымдылық арқылы көрсетілген көмек түрлері:



Қызылорда облысының білім басқармасының 27.11.2024 жылғы № 03-03/5144 санды хатына сәйкес, Қазақстан Республикасы Президенті атынан өткізілетін «Қош келдің, Жаңа жыл!» атты жаңа жылдық шыршаға, әлеуметтік тұрмысы төмен, толық емес отбасынан шыққан 4 «а» сынып оқушысы Отарбаев Жанқожа Жанболатұлы қатыстырылды. Жанқожаға планшет, жұмсақ ойыншық, роутер, кітап пен тәттілер сыйға берілді.



### III. Әртүрлі есепте тұрған оқушылармен жеке-профилактикалық жұмыс туралы.

Мектебімізде әртүрлі есепте тұрған білім алушылар туралы сандық ақпарат төмендегідей:

Мектепішілік есепте тұрғандар – 0

Тәуекел топтағы оқушылар – 0

Балалардың есепке алынуының алдын алу мақсатында сынып жетекшілермен бірге «Бала құқығы-адам құқығы», «Құқықбұзушылықтың салдары» тақырыптарында түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Алдын алу шаралары: «Қоғамдық мүлікке азаматтық жауапкершілік» тақырыбында іс-шара өткізілді. Мақсаты: Оқушыларға өмірлік жағдайларға дұрыс және әділ көзқарасын, азаматтық құқықтары мен міндеттері туралы алғашқы түсініктерін ойын түрінде қалыптастыру, әрбір сөзінде, ісінде жауапкершілікті сезіне білуді дұрыс әрекет құндылығымен жасағанда нәтижелі болатынын түсіндіру; Оқушыларға өмірлік жағдайларға байланысты дұрыс және әділ шешім қабылдау, азаматтық құқықтары мен міндеттері туралы, қоғамдағы өзекті мәселелер туралы мәлімет беру; Оқушыларды қоғамдық мүлікке азаматтық жауапкершілікке тәрбиелеу; Іс-шара барысында оқушылармен қоғамдық мүлікке азаматтық жауапкершілік, жалпы жауапкершілік туралы мағлұмат алды, «Миға шабуыл», жағдаяттардан шығу топтық жұмыстары жүргізіліп, Жауапкершілік деген не? тақырыбында видео көрілім көрсетіліп, қатысушыларға жағымды көңіл-күй сыйлап, өз-өздерін айқындауға мүмкіндік жасалды.



«Сүйкімі дүниенің –тазалықта» тақырыбында қыздармен жиналыс өткізілді.

Қыздармен жиналысты «Сәлемдесу салт жоралғысы», «Мен кімін? Мен қандаймын?» тақырыбындағы тренинг және жаттығулар мен басталды. Мақсаты: топты ұйымдастыра білу, эмпатиялық сезімді, жағымды көңіл күйді көтеру, белсенділікті арттыру және өмірлік күшті жинау. Тренинг жаттығудан соң қыздар өз сезімдерімен пікір алмасты. Жиналыс барысында: «Ұлтымыз қыз баланың ізеттілігі мен мәдениеттілігін бағалаған. Қазақ халқы қыздың тәрбиесіне ерекше мән беріп, аялап өсірген. Дана Абай бабамыз қазақ әйелінің, ананың отбасындағы орнын ерекше жырлайды. Жалпы «Адам бойындағы барлық қасиеттер ананың ақ сүтімен жаралған» – деген ғұламалық ойды тарата келе, осы қасиеттің міндетті түрде тәрбиеленуі туралы айтады. Бала – ата-анасының игі істерінің жалғастырушысы, болашағы. Бала тәрбиесі – ата-ана үшін күрделі де, жауапты міндет. Жас шыбық иілгіш болса, жас адам да сондай жақсыға да жаманға да бірдей бейім болатыны баршымызға мәлім. Ата-ананың үйіндегі әрекеті балаларының көз алдында өтеді, сондықтан жақсы, жаман әдетіміздің бала тәрбиесіне ықпалы зор екені айтылды.

Жас қыздарға арналған кейбір дәстүрлі кеңестер ұсынылды.

- Кез келген қыз бала денсаулығы мықты болуы үшін салауатты өмір салтын ұстанып, зиянды іс әрекеттерден аулақ болуы қажет.

Өзінді әрдайым сүй сонымен қоса жауапкершілікті сезініп, тәртіпке әрқашан бағына біл!

Түрлі қиындыққа тап болған жағдайда мықты бол.

Түрлі қиындыққа тап болған жағдайда көңіл - күйінді түсірме, болған жағдайға басқа қырынан қарап көр, адам қателік жасамауы мүмкін емес, өйткені сол қателіктер арқылы біз өмірді танып білеміз деп қорытындыланды.



«Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын – алуда әлеуметтік педагогтың оңалту жолдары» тақырыбындағы оқушыларға арналған тренинг өткізілді. Мақсаты: Білім алушыларға зорлық - зомбылық туралы қысқаша ақпарат беру, адамның ең жаман қасиеттерінің бірі екенін айту. Білім алушыларға адамның құқықтарымен бас бостандықтарын қорғауы туралы қысқаша мағлұмат беру, пікір алмасу. Жаман әдеттерден бойларын аулақ ұстап, ондай әрекеттерге бармауға тәрбиелеу, адамгершілігі мол саналы азамат болып өсуіне ықпал жасау. Тренинг барысында «Жүрекше», «Арқаға, арқа» жаттығулары жүргізіліп, «Зорлық-зомбылықты қалай түсінесіңдер?» және «Зорлық-зомбылықты болдырмас үшін не істеу керек?» тақырыптары бойынша жұмыс жасап, талқыланып, ой-пікірлері тыңдалды.



«Мен болашағыма сенемін» тақырыбында 7-9 сынып оқушыларына арналған тренинг сабағы өткізілді. Мақсаты: Оқушылардың өмір ұғымын түсіндіре отырып, өмірде кездесетін әртүрлі жағдайлар туралы ақпарат беру.

Күтілетін нәтиже: Оқушылардың өмірге деген құштарлығын, қызығушылығын ояту, болашаққа деген арман, мақсаттарын қалыптастыру

Тренинг барысында оқушылармен «Көбелек» аңыз әңгімесі, «Ойланып көрейік», «Менің өмірім», «Айдар тағу» жаттығулары, «Күлкі«К» витамині» тренингі, ситуациялық сұрақтар қойылып, қимыл-қозғалыс ойындары жүргізілді.

Қорытындылау кезінде оқушылар бір-біріне жүрекше сыйлау арқылы ыстық лебіздерін білдірді. Тренингтік жаттығулар оқушыларды бірлесе жұмыс жасауға, бір-бірінің ішкі ойын түсініп, тиімді қарым-қатынас орнатуға ықпал етті.



**IV. Педагогикалық ұжыммен және сыртқы ұйымдармен (кәметке толмағандардың ісі жөніндегі бөлім, кәметке толмағандардың ісі жөніндегі комиссия, қамқоршылық және қорғаншылық және т.б.) өзара іс-қимыл жүргізу жұмысы туралы.**

## V. Білім алушылардың ата-аналарымен (отбасыларымен) профилактикалық жұмысы туралы.

Білім алушылардың ата-аналарымен жұмысты үйлестіруде басымдық әлеуметтік мәртебеге ие отбасынан шыққан оқушыларға берілді. Өгей әкемен тұратын оқушылардың үй-тұрмыс жағдайы және әлеуметтік ерекшеліктері баса назарға алынып, жылдық жұмыс жоспары жасалынып жұмыстар жүргізілді.

Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалармен жұмыс жасау жоспары жасалынып, жұмыстар жүргізілді.

2024-2025 оқу жылында мектеп-интернат тәрбиеленушілерінің тұрмыс жағдайымен танысу мақсатында жанұяның материалдық-тұрмыстық жағдайлары тексеріліп, отбасының тұрғын үйінің тұрмыстық жағдайын тексеру актісі толтырылды. Барлығы 14 отбасы оның ішінде:

1. Толық емес отбасы – 5 (3,78%)
2. Толық отбасы – 3 (2,27%)
4. Ата-ана қамқорлығынсыз қалған – 6 (4,54%)



Ата-аналарға түрлі мәселелер бойынша жыл бойы әлеуметтік-педагогикалық кеңес берілді. Тоқсан сайын өткізілетін ата-аналар жиналысына қатысып, мәселелі сұрақтарына жауап берілді. Ата-аналарға буллингтің алдын алу бойынша жаднамалар таратылып, түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

## VI. Диагностикалау-талдау қызметі туралы.

Мектептегі білім алушылардың арасында әлеуметтік мәселелерді зерделеу бойынша диагностикалық-талдау қызметі жүргізілді. Білім алушылардың жеке әлеуметтік картасы және сыныптың әлеуметтік карталары жасалынды.

*Жоғарыда атқарылған жұмыстар мен мектептің әлеуметтік көрсеткіштерін ескере отырып төмендегідей ұсыныстарды ұсынамыз:*

1. Мектепте атқарылатын әлеуметтік –педагогикалық жұмыстардың нәтижелілігін арттыру үшін «мектеп–ата–ана–оқушы» моделі негізінде жұмысты жандандыру;
2. Мектепте атқарылатын әлеуметтік –педагогикалық жұмыстарды цифрлық технологияларды қолдана отырып оңтайландыру.